



**Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің нұсқаулығын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 2 қарашадағы N 118 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 қарашада N 5-5-100 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы N 220 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012.05.11 N 220 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына және «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңының 16 бабына сәйкес, мүгедек балалары бар ата-аналарға оларды тәрбиелеуге және оқытуда көмек көрсету үшін аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің Нұсқаулығы (бұдан әрі-Нұсқаулық) бекітілсін.

2. 2009 жылғы 1 шілдеден бастап материалдық қамсыздандырудың мөлшері айына 11000 теңге мөлшерінде белгіленсін.

3. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (С.Тәтиева) үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеуді бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е. Л д и б а е в қ а жүктелсін.

5. Қаулы ресми жарияланған соң 10 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*міндетін атқарушы:*

*Аудан әкімінің  
Н. Жүнісжанов*

№ 118 қаулысына қосымша

## **Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің НҰСҚАУЛЫҒЫ**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы нұсқаулық «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңының 16 бабына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

2. Мүгедек баланы үйде тәрбиелеу және оқыту оның ата-анасының немесе оның заңды өкілдерінің тілегін есепке ала отырып, оны жалпы немесе арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда және басқа да оқу орындарында оқытуға мүмкіндік болмаған жағдайда Ведомствоаралық психологтық-медиктік-педагогикалық консультациялық комиссия қорытындысы негізінде жүргізіледі.

3. Әлеуметтік көмекті алуға үйде тәрбиеленіп, оқытылатын мүгедек баланың әке-шешесінің біреуі, немесе оның заңды өкілі құқылы.

4. Әлеуметтік көмек белгіленеді және төленеді - туылған, асырап алынған және қамқорлыққа (қорғаншылыққа) алынған балаларға.

5. Әлеуметтік көмек мүгедек балаларға басқа да әлеуметтік көмек түрлері көрсетілетіндігіне немесе алимент алатындығына қарамастан және отбасының табысына қарамастан белгіленеді.

### **2. Әлеуметтік көмек алу үшін жүгіну**

6. Ереженің 4-інші бабында көрсетілген тұлғалар тұрғылықты мекенжайы бойынша уәкілетті органға келесі құжаттарды көрсетуі керек:

- 1) Белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) Өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 3) Отбасы құрамын және мекенжайын растайтын құжат;
- 4) Дәрігерлік-әлеуметтік сараптау комиссиясының мүгедектікті белгілеу туралы анықтамасы (түпнұсқасы және көшірмесі);

5) Білім берудің уәкілетті органы жанындағы Ведомствоаралық психологтық-медиктік-педагогикалық консультациялық комиссия берген мүгедек баланы үйде оқыту қажеттігі туралы қорытындысы (түпнұсқасы);

6) Баланың тууы туралы куәлігі (түпнұсқасы және көшірмесі);

Қамқоршының (қорғаншының) әлеуметтік көмек белгілеу жөніндегі өтінішіне қоса қамқоршының куәлігі немесе қамқорлық пен қорғаншылықты белгілеу органдарының қамқорлық (қорғаншылық) белгілеу туралы шешімінің көшірмесі қоса тіркеледі.

7. Әлеуметтік көмекті тағайындайтын және төлейтін уәкілетті орган қабылданған құжаттардың дұрыстығына және құжаттардың түпнұсқасымен салыстыра анықталған көшірмелерінің нақтылығын тексеріп, өтініш иесіне құжаттардың түпнұсқасы қайтарылып беріледі.

8. Әлеуметтік көмекті тағайындайтын және төлейтін уәкілетті органның қызметкерлері құжаттардың көшірмесін куәландырады, тіркеу журналына ұсынылған құжаттарын қоса өтініштерін тіркейді және өтініш иесіне қабылдау туралы белгісі бар жыртылып алынған талон береді.

### **3. Тағайындау**

9. Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандырудың тағайындалуы мүгедек баланың тұрғылықты жерінде ата-анасының біреуінің немесе оны алмастырушы (қорғаншы) тұлғаның өтініші бойынша уәкілетті органмен (аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен) жүргізіледі.

10. Материалдық көмектің тағайындау мен төлемнің тоқтатылуына немесе қайта жаңартылуына әкеліп соғатын жағдайлар туындаған кезде (бала өлімі, интернат-үйіне жіберу, тұрғылықты жерді ауыстыру және т.б.), көмек тағайындалуы және төлемі тиісті жағдайлар туындаған кезден кейінгі айдан бастап тоқтатылады немесе қайта жаңартылады.

11. Материалдық көмек алушылар, көмек алу құқығына әсерін тигізе барлық өзгерістер жөнінде тиісті уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

12. Болған өзгерістер туралы мәліметтер бермеген жағдайда, алынған сомалар заңнамада белгіленген тәртіппен қайтарылады.

13. Тиісті уәкілетті орган, түскен күннен бастап материалдық көмек тағайындау жөніндегі барлық қажетті құжаттармен бірге өтінішті, 10 күн мерзімінде қарайды.

14. Тиісті уәкілетті орган, материалдық көмек тағайындалмайтын жағдайда, қабылданбаған себептері мен шағымдану тәртібі көрсетілген шешім шығарылғаннан кейін, өтініш берушіге барлық құжаттарын қайтарып береді.

15. Уәкілетті органның шешімі қолданыстағы заңнамаға сәйкес  
шағымданылуы мүмкін.

16. Материалдық көмек тағайындау жөніндегі өтініш, сондай-ақ мүгедек балаларға материалдық көмек тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімі барлық қажетті құжаттармен бірге алушының жеке ісінде сақталады.

#### **4. Қаржыландыру және төлеу**

17. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ағымдағы айдың 20 жұлдызына дейін төлеу үшін, ведомость - тізімдердің негізінде қаржы бөліміне қажеттілік-өтінімін ұсынады.

18. Қаржыландыру уәкілетті органның бюджеттік есебіне түскеннен кейін, өтімідерге сәйкес және Агенттік келісімі негізінде, «Казпошта» акционерлік қоғамының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы аудандық байланысы торабына, ақшалай қаражаттарды аудару жүзеге асырылады.

19. «Казпошта» акционерлік қоғамының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы аудандық және қалалық байланыс тораптары, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұсынған, бірінші басшы қол қойған, ведомость - тізімдердің негізінде төлем жүргізеді.

20. Материалдық көмектің төлемі өткен айға жүргізіледі.